





**Тақырыбы: Азаматтық, азаматтық іс жүргізу және отбасы
құқығының негіздері**






1. Азаматтық құқық – Қазақстан Республикасындағы құқық салаларының бірі. Оның орны ең тұрақты, негізгі құқықтық салалардың арасында деп айтуға болады. Осылармен қатар құқық теориясында туынды мәні бар, кешенді құқықтық салалар деп аталатын құқықтық құрылымдар да бар. Олардың қатарында кейде жер құқығын, экологиялық құқықты, инвестициялық құқықты, отбасы құқығын және тағы басқаларын айтады. Алайда осындай құқықтық құрылымдар үшін азаматтық құқықтың бастауыш мәні өте жоғары.

Азаматтық құқықты біз оның субъектілері, онымен реттелетін қоғамдық қатынастар (азаматтық құқықтың реттеу нысанасы), реттелу әдісі (құқықтық тәсілдері) арқылы ажырата аламыз. Сондай-ақ біз азаматтық құқықты оның мәнісі жағынан да ажырата аламыз. Азаматтық құқық арнайы сөз тіркесі жеке құқық сөз тіркесімен өте жақын. Азаматтық құқық жеке құқықтың негізгі бөлігін құрайды. Азаматтық құқық пен бірге жеке құқықтық болып келетін өзге де құқықтық салалар бар деп айтылады.

Мысалы заң әдебиетінде жиі жеке құқық құрамына халықаралық жеке құқық, отбасы құқығын, еңбек құқығын жатқызып отыру кездеседі. Кейде осылардың қатарында азаматтық іс жүргізу құқығы да аталады. Осыған қатысты бірқатар құқықтық салалар жеке және жария құқық элементтерін бірліктерінің, ал кейбір құрылымдар тек дәстүр бойынша құқықтық сала деп аталатынын айта аламыз, отбасы құқығы.

Түсініктеме ретінде қазіргі құқық теориясында азаматтық құқықты жеке құқық саласы ретінде тану тұрақтанғанын айтып кету керек. Орыс тілінде бұл арнайы сөз тіркес «частное право» деп айтылады. Орыс тіліне ол латын тілінен келген, Рим құқығында бүкіл құқықты «*ius publicum*» және «*ius privatorum*» етіп бөлу орын алған, соңғысы жеке құқық деп аударылады. Өз кезегінде бұл арнайы сөз тіркесі бөлек тұлғаның мүддесін жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін құқықтық саланы (құқықты) білдіреді.



2.Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша сот билігі және сотқа жолдану құқығы. Азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау нысандары. Қоғамдық қатынастардың жаңару жағдайларында азаматтық істер бойынша сот әділдігінің ролі.

Азаматтық іс жүргізу нысанының мәні, негізгі белгілері және маңызы.

Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, әдістері, жүйесі. Азаматтық сот өндірісінің түсінігі. Азаматтық іс жүргізу нысаны (түсінігі, мәні, негізгі белгілері және азаматтық істі қарап шешудегі маңызы).

Азаматтық іс жүргізу құқығының азаматтық, отбасылық, еңбек, конституциялық, әкімшілік құқықпен, қылмыстық іс жүргізу құқығымен және басқа құқық салаларымен байланысы.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Жекелеген елдердің азаматтық іс жүргізу қайнар көздері. Азаматтық іс жүргізу нормалары, олардың құрылымы, уақытта және кеңістікте әрекет етуі.

Азаматтық сот өндірісінің мақсаттары және түрлері. Азаматтық іс жүргізудің сатылары.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары


Қазақстан Республикасының Конституциясындағы сот әділдігінің демократиялық негіздері.

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының түсінігі, олардың маңызы және жүйесі. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларын жіктеу мәселелері. Азаматтық іс жүргізу қағидаларының ара қатынасы. Жалпықұқықтық заңдылық қағидасы және оның азаматтық іс жүргізуде жүзеге асырылуы.

Азаматтық істер бойынша ұйымдастырушы функционалдық қағидалар:

Сот әділдігін тек қана соттың жүзеге асыруы, соттардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы, Азаматтық істердің жеке дара және алқалы құрамда қаралуы, азаматтар мен ұйымдардың заң және сот алдында теңдігі, жариялылық қағидасы, іс жүргізу тілі қағидасы.

Азаматтық істер бойынша функционалдық қағидалары: Диспозитивтік қағидасы, айтысушылық қағидасы, тараптардың іс жүргізудегі теңдігі, ауызшалық, тікел



Мұның себебі біздің құқықтық жүйе роман-германлық құқықтық отбасында болып келетінінде. Қазіргі кезде біздің ұлттық құқық әртүрлі тарихи жүйелердің әсерін шегіп отырады деп айта аламыз. Бұрынғы Кеңес Одағы құқығының кейбір әсері де осы күнге дейін сақталып келеді. Жаһандану жағдайында барлық мемлекеттер өздерінің жеке құқықтық жүйелерін бір-біріне жақындастырғылары келеді. Осындай құбылысты жеке құқықтың біркелкі болуы (унификациялануы) деп атайды. Көптеген елдердің жеке құқықтық жүйелеріндегі рим құқығынан қалған негіздері осыған көмектеседі.

Азаматтардың (жеке тұлғалардың), әртүрлі ұйымдардың (заңды тұлғалардың) күнделікті мүліктік қарым-қатынастары, бірқатар мүліктік емес қатынастары азаматтық құқық нормаларымен реттеледі. Біздің ұлттық құқықтық жүйеміздің ерекшелігі ретінде азаматтық құқық азаматтар (жеке тұлғалар) заңды тұлғалар және мемлекет қатысуымен пайда болатын қатынастарды да реттейді. Басқаша айтсақ, мемлекет де азаматтық құқықтық қатынастардың тең қатысушысы болы алады.

Қазіргі таңда азаматтық құқық кәсіпкерлік қатынастарды елеулі түрде реттейді. Бірақта келешекте Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік кодексті қабылдау жоспарлануда, сондықтан кәсіпкерлік құқық кешенді құқық саласы ретінде көбірек оқшаулану мүмкіндігі өсе түседі. Қалай болсада сол кәсіпкерлік құқықта жеке құқықтық реттеудің мәні және үлесі үлкен болмақ.

Өзге құқықтық салалармен реттелетін қатынастардың пайда болу негіздерімен салыстырғанда азаматтық құқықтық қатынастар көптеген негіздер бойынша пайда болады. Осы қатынастар тұлғалар өздерінің құқықтарын, мүдделерін кәдімгі өмірлік жағдайларда жүзеге асырғанда қалыптасады, немесе, егер олардың жеке мінездегі мүлікті және өзіндік мүліктік құқықтары бұзылса сол кезде пайда болады. Ал, сипаттағы, қылмыстық құқықтық қатынастар тек белгілі бір құқықтық бұзушылық жасалуына байланысты ғана пайда болады.

Осы айтылғанға негізделіп, азаматтық құқықтың анықтамасын берейік. Азаматтық құқық – бұл қатысушылар теңдігіне негізделген мүліктік қатынастарды, мүліктілерімен байланысы жоқ өзіндік мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтық сала.

Өзге де құқықтық салалар сияқты азаматтық құқықтың дербес реттеу нысанасы – аталған үш топ қатынастары, реттеудің құқықтық әдісі болып табылады. Азаматтық құқықтың өзге құқықтық салаларға қарағанда өзгешелігінің дәрежесі едәуір қағидаттары да бар.

Азаматтық іс жүргізу құқыққатынастары және олардың субъектілері

Азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының түсінігі, олардың ерекшеліктері. Азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының пайда болуының алғышарттары және олардың мазмұны. Азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының материалдық құқыққатынастардан айырмашылығы.

Азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының субъектілері және олардың жіктелуі.

Сот азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының міндетті субъектісі ретінде. Соттың құқықтық жағдайы. Соттың құрамы. Сот қызметінің өнегелік негіздері.

Іске қатысушы тұлғалар және іс жүргізудің басқа да қатысушылары азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарының субъектілері ретінде. Іске қатысушы тұлғалардың түсінігі және құрамы. Іске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері. Азаматтық іс жүргізу құқыққабілеттігі және әрекетқабілеттігі.

3. Отбасы құқығының ұғымы және пәні.

Құқықтың кез-келген саласы сияқты отбасы құқығының да өзіне тән пәні мен құқықтық реттеу әдісі бар. Отбасы құқығының пәні болып қоғамдық қатынастың екі тобы табылады: отбасы құқығының субъектілері арасында пайда болатын жеке мүліктік емес және олармен байланысты мүліктік қатынастар. Қатынастардың негізгі бөлігін мүліктік емес қатынастар құрайды, ал мүліктік қатынастардың тек екі түрі ғана бар; алименттік және неке кезінде бірге жинаған мүліктеріне қатысты ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік қатынастар.

Отбасы өмірінің көптеген жақтарын құқық емес мораль реттейді. Отбасы қатынастары өзінің мәні жағынан әлеуметтік-құқықтық қатынастар болып табылады, сондықтан мемлекет ол қатынастардың неғұрлым ерекше мағанасы бар және қоғамдақ мүддеден туындайтынын, әсіресе, отбасының кәмелетке толмаған, еңбекке жарамсыз мүшелеріне байланысты қатынастарын реттейді.





Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы құқығында құқықтық қабілеттілік құрамына кіретін құқықтық мүмкіндіктер көп түрлі. Мысалы некеге отыру, бала асырап алу, қамқоршы немесе қорғаншы болып тағайындалу қабілеттіліктері. Бұл қабілеттіліктердің барлығы белгілі бір жасқа жеткенге дейін құқық субъектісінің өзінің әрекетімен де, оның заңдық өкілімен де жүзеге асырылмайды.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы құқығы некелесу, туыстық, бала асырап алу және баланы отбасы тәрбиесіне қабылдаудың басқада нысандарына орай, пайда болатын, яғни отбасы қатынастарын реттейтін құқық саласы болып табылады.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар мүліктік немесе өзіндік (мүліктік емес) болуы мүмкін. Мүліктік және өзіндік құқықтың басқа да салаларының бірінші кезекте азаматтық құқықты реттейтін пәнін құруы мүмкін. Бірақ, аталған қатынастардың басымдығы, бір жағынан, азаматтық құқықта, екінші жағынан, отбасы құқығында бірдей емес. Азаматтық құқықтың негізгі міндеті мүліктік қатынастарды реттеу болып табылады. Ол өзіндік қатынастарды, олар мүліктік қатынастардан туындайтын болса, немесе қандай да болмасын өзіндік қатынастарды реттеу туралы арнайы

нұсқау болса ғана реттейді. Бұған керісінше өзіндік қатынастарды реттеу отбасы құқығының негізгі міндеті болып табылады. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы құқығының пәніне кіретін мүліктік қатынастар жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне байланысты болады. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы құқығының азаматтық құқықтан айырмашылығы да, міне, осында жатыр.

- неке келісімін ресімдеуге,
- алимент төлеу туралы келісім жасау құқығы арқылы алимент төлеу немес алуға,
- фамилиялары әр түрлі ата-аналар баланың тегін өз қалаулары бойынша анықтауға т.б. құқылы.
Сонымен қатар отбасы құқығының субъектілері өз қалауы бойынша әрекет ету мүмкіндігінде шектелген.
Мысалы:

- неке келісімі тек мүліктік сипаттағы шартты ғана қарастыра алады;
- алименттік келісімде кәмелеттік жасқа толмаған балаларға төленетін алименттің көлемін анықтау кезінде алимент көлемі заңда қарастырылған мөлшерден кем болмауы керек;
- баланың тегін екі нысанда таңдайды - әкесі немесе шешесінің тегі.

Отбасы құқығын реттеу әдісінің әрекет ету механизмі келесіде: алғашында отбасылық құқықтық қатынастың мүшелері өздерінің қалауы бойынша еріктілік әдісін қолданады (егер олар отбасылық заңмен қарастырылса), бірақ егер олар оны жасамаса неке және отбасы заңының императивтік нормалары немес басқа құқықтық актілер қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалдарға сәйкес: ері мен әйелінің мүлкіне қатысты жалпы ортақ меншік туралы жағдай әрекет етеді; отбасы мүшелерін асырау қаражаты (алимент) неке және отбасы


заңының ережесіне сәйкес

алынады; баланың тегін оның тууы туралы актілік жазу енгізгенде азаматтық хал

ары анықтайды.

ы – азаматтардың отбасы-неке қатынастарын реттейтін құқықтық-нормативтік актілер
ы қабылданған “Отбасы және неке туралы” заң отбасылық құқықтың қайнар көзі болып
ан дейінгі заң бойынша жұбайлардың ортақ меншіктік қатынастарының қолданыстағы
п, кәмелетке толмаған ата-аналардың мүдделерін қорғау мақсатымен неке жасы екі
ілді, жұбайлардың қос әулетесім (фамилия) алуына мүмкіндік берілді, алимент төлеу
аңалықтар енгізілді. Кейбір жағдайларда отбасылық қатынастарға азаматтық құқық
алуы мүмкін.





Отбасы - қоғамның ең басты ұясы болғандықтан, мемлекет оған ерекше қамқорлықпен қарайды, мүмкіндігіне қарай көмектеседі, кім-кімнің болсын сырттан заңсыз араласуына жол бермейді және қорғайды. Әрине некеге отырған, отау тіккен адамдарға мемлекет те белгілі бір талаптар қояды. Тек осындай талаптар орындалған жағдайда ғана, мемлекет неке, отбасына қамқорлық жасау туралы міндеттемелер қабылдайды. Мұндай талаптар кездейсоқ емес, олар азаматтардың кемелденуіне және қоғамның мүдделеріне байланысты туындайды. Сондықтан, отау тігу үшін заңда көзделген шарттарды сақтау қажет. Отбасы құқығы бойынша неке - бұл ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалатын еркек пен әйел арасындағы тең құқықтық одақ.

Отбасы құқығының материалдық-құқықтық нормалары түрлі мемлекеттерде үлкен алуандылықпен көзге түседі, ал бұл өз кезегінде осы саладағы шетел қатысуымен болған құқықтық қатынастарда коллизиялардың пайда болуына алып келеді. Экономикалық құрылымның ерекшеліктерімен қатар, отбасы қатынастарын реттеуге, сонымен қатар, ұлттық, тұрмыстық, діни ерекшеліктер мен салт-дәстүр әсер етеді.

